

БЕКІТЕМІН
«ШҚО кәсіптік білім беру
орталығы» КММ
директорының м.а.

_____ **Л. Кездикбаева**
« _____ » _____ **2023 ж.**



ШҚО колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттері
арасында «Жылдамырақ. Жоғарырақ. Күштірек» жеңіл атлетикадан
облыстық Спартакиаданы өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Өскемен қ., 2023 ж.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже ШҚО колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттері арасында өтетін «Жылдамырақ, Жоғарырақ, Күштірек» жеңіл атлетикадан облыстық спартакиаданы (бұдан әрі – *Спартакиада*) өткізу тәртібін, ұйымдастыру шарттарын және талаптарын анықтайды.

Спартакиаданы дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ жүзеге асырады. Спартакиаданы «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК өткізеді.

Тікелей өткізуді «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ бекіткен бас төрешілер алқасы жүзеге асырады.

Өткізу уақыты мен орны:

Спартакиаданың салтанатты ашылуы **2023 жылдың 25 мамырында** Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева көшесі, 1 мекенжайы бойынша орналасқан Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің базасында өтеді.

2022 жылдың 25 мамыр күні сағат 09.00-ден 10.00-ге дейін Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің базасында Мандаттық комиссияға тіркеліп, топтар бойынша және төрешілер отырысы команда мүшелерімен бірге классификациядан өтуі қажет.

Спартакиаданың бас төрешесі - Гадылгареев Вадим Фларитович (Пәндік циклдік комиссияның төрағасы, дене шынықтыру пәнінің оқытушысы).

Спартакиаданың бас хатшысы - Дюсюпов Абзал Советханович (дене шынықтыру пәнінің оқытушысы).

Жарысқа қатысушылар және оларға қойылатын талаптар:

Жарысқа ШҚО колледждерінің командалары қатысады. Жарысқа өтінімге енгізілген және мүгедектік анықтамасы, денсаулығына байланысты рұқсат қағазы, спортшының жеке басын куәландыратын құжаты бар қатысушылар жіберіледі.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты - белсенді өмірлік ұстанымды дамыту және мүмкіндігі шектеулі студенттерді дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысуға тарту.

Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына қоғамның назарын аудару;

- мүгедектердің социумға интеграциялануына жәрдемдесу, спорттық қабілеттерді қолдау және дамыту, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың белсенді өмірлік қызығушылықтарын қолдау;

ӨТІНІМ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ, УАҚЫТЫ

Жарысқа қатысу туралы алдын ала өтінімдер **2023 жылғы 22 мамырға дейін** vkgk@mail.ru электрондық мекенжайында жолданады.

Жіберуші ұйымның және медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған тегі, аты, әкесінің аты, туған күні көрсетілген атаулы өтінімдер, сондай-ақ қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттары, мүгедектігі туралы анықтама мандаттық комиссияға **2023 жылғы 25 мамырда** ұсынылады.



Дистанциялар:

1. 100, 200, 400 метрге жеке есепте жүгіру (қыздар, ұлдар);
2. Аралас командалық эстафета - бір командада 4 адам (екі ұл, екі қыз);
3. Жеке есепте кросс қашықтықтарына жүгіру (қыздар - 1000 м, ұлдар – 2000 м).

МАРАПАТТАУ

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ШҚО кәсіптік білім беру орталығының грамоталармен марапатталады. Қатысушыларға сертификаттар табысталады.

НАРАЗЫЛЫҚТАР

Наразылықтар немесе даулар әр спорт түрінің ережелеріне сәйкес шешіледі.

ЖАРЫС КЕЗІНДЕ САНИТАРЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты:

1) жауапты адамға (бал. жарыс басталар алдында жарысқа қатысушылардың (ұйымдастырушылар, жаттықтырушылар және спортшылар) термиялық өлшеулерін қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде, жанаспайтын термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып тіркей отырып жүргізу қажет.

2) респираторлық инфекцияның кез келген анықталған белгілері (қызба, жөтел, тамақ ауруы, тыныс алудың қиындауы) бар қатысушыларды жарысқа жіберуге жол берілмейді. Ауру белгілері пайда болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру қажет, ал қатысушы жарыстан шеттетіледі.

**ОСЫ ЕРЕЖЕ СПАРТАКИАДАҒА РЕСМИ ШАҚЫРУ
БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ**

Қосымша сұрақтар бойынша келіс телефондар арқылы хабарласуға болады: 8-7232-700-590 (ШҚО кәсіптік білім беру орталығының білім беру үрдісін әдістемелік сүйемелдеу бөлімі), Шакерова Алия Кусайнгазиевна - 8-771-549-94-00, жарыстың бас төрешісі - Гадылгареев Вадим Фларитович - 8-777-296-78-95.

ӨТІНІМ

_____ (ТжКБ ұйымының атауы)
_____ қашықтық атауы

№	ТАӘ	Туған жылы, айы және күні	Медицина қызметкерінің қолы	Ескерту
1.				
2.				
3.				
тренер				

ТжКБ ұйымның басшысы _____

Делегацияның ресми өкілі

_____ осы өтінімде
көрсетілген қатысушылар саны денсаулық жағдайы бойынша жарыстарға қатысуға жіберілді.

Дәрігердің қолы, мөрі _____
(ТАӘ)